



18/1-139 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.Сейтжанова
2026 ж.

РЕКТОРАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 313-2026

Мерзімі	Көшірмесі	Басылым
	1	Бесінші

Шымкент

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кеңсе Ректорат туралы Ереже		Е 313-2026 5-ші басылым 10 беттің 2 беті

1 «ОҚМА» АҚ Кеңсесі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ

2 «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кеңсе		Е 313-2026
Ректорат туралы Ереже		5-ші басылым 10 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2	НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР	4
3	ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	5
4	ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН НЕГІЗГІ ТАПСЫРМАЛАРЫ	6
5	ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ	7
6	РЕКТОРАТ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ	7
7	РЕКТОРАТ ЖҰМЫСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ	8
8	БАСҚА БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС	9

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кеңсе		Е 313-2026
Ректорат туралы Ереже		5-ші басылым 10 беттің 4 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Ректорат - "ОҚМА"АҚ білім беру, клиникалық, ғылыми-зерттеу және әкімшілік-шаруашылық қызметінің ағымдағы мәселелерін шешуді қамтамасыз ететін алқалы жедел-кеңесші орган.

Ректорат құрамына "ОҚМА"АҚ ректоры, проректорлары және құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіреді.

Ректорат мүшелерінің өкілеттіктері қызметтен босатылуына байланысты автоматты түрде тоқтатылады.

Ректорат құрамы "ОҚМА" АҚ ректорының бұйрығымен бекітіледі. "ОҚМА" АҚ ректоры Ректораттың төрағасы болып табылады, ректорат қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асырады.

Күн тәртібі, хаттамаларды жүргізу және ресімдеу мәселелері бойынша отырыстар мен материалдарды дайындауды ұйымдастыруды ректорат хатшысы қамтамасыз етеді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ректорат өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құқықтық актілері;

- «ОҚМА» АҚ Жарғысын;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

- ISO 9000:2015

- Сапа менеджмент жүйесі. Негізгі Ережелер және сөздік;

- ISO 9001:2016

- Сапа менеджментінің жүйесі. Талаптар;

- СБ 001-2024

- Сапа менеджмент жүйесінің басшылығы;

- СТ 002-2024

- Ішкі нормативті құжаттарды басқару;

- СТ 004-2024

- Қызметтік құжаттарды басқару;

- СТ 007-2024

- Жазбаларды басқару;

- СТ 009-2024

- Жақсартуды жоспарлау;

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кеңсе		Е 313-2026
Ректорат туралы Ереже		5-ші басылым 10 беттің 5 беті

- СТ 010-2024
- СТ 020-2024
- СТ 021-2024
- СТ 023-2024
- Басшылық тарапынан талдама жасау;
- Ішкі аудит;
- Сәйкессіздіктерді басқару, түзетуші әрекеттер;
- "ОҚМА" АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта мынадай терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар пайдаланылады:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық — пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік — барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік — өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім — қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет — басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық — шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект — адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы — нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі — ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

- "ОҚМА" АҚ — «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;

- ҚР - Қазақстан Республикасы;
- Ереже - "ОҚМА" АҚ ректораты туралы Ереже.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кеңсе		Е 313-2026
Ректорат туралы Ереже		5-ші басылым 10 беттің 6 беті

4. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН НЕГІЗГІ ТАПСЫРМАЛАРЫ

4.1. Ректораттың негізгі міндеті – «ОҚМА» АҚ Даму бағдарламасын іске асыру бойынша ағымдағы жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру және негізгі қызмет түрлерін қамтамасыз ету, ректордың және басқа да «ОҚМА» АҚ корпоративтік және алқалы басқару органдарының құзыретіне қатысты мәселелерді алдын ала зерделеу және олар бойынша ұсыныстар әзірлеу.


4.2. Ректораттың құзыретіне келесідей сұрақтар кіреді:

- 1) "ОҚМА" АҚ қызметін дамыту бағдарламасының орындалу мониторингі;
- 2) "ОҚМА" АҚ құрылымдық бөлімшелерінің ағымдағы жұмыс жоспарларын орындау мәселелерін қарау;
- 3) тұтастай алғанда "ОҚМА" АҚ және оның құрылымдық бөлімшелерін дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- 4) білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды және қабылдауды ұйымдастыру;
- 5) оқу процесін ұйымдастырудың және оны оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ағымдағы сұрақтарын қарау;
- 6) "ОҚМА" АҚ клиникалық қызметін ұйымдастыру мәселелерін қарау;
- 7) "ОҚМА" АҚ академиялық қызметті жедел басқару сұрақтарын қарау;
- 8) "ОҚМА" АҚ ғылыми-зерттеу қызметін, оның ішінде білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың ағымдағы мәселелерін қарау;
- 9) "ОҚМА" АҚ тәрбие жұмысының сұрақтарын қарау;
- 10) "ОҚМА" АҚ шаруашылық жұмысын ұйымдастырудың ағымдағы сұрақтарын қарау;
- 11) халықаралық ынтымақтастықтың ағымдағы сұрақтарын қарау;
- 12) Жарғыға сәйкес Ректораттың құзыретіне жатқызылған басқа да сұрақтар бойынша шешімдер әзірлеу;
- 13) педагогикалық, ғылыми-зерттеу және өзге де қызмет салаларында үздік нәтижелерге қол жеткізген "ОҚМА" АҚ қызметкерлерін құрметті атақтарға және мемлекеттік және ведомстволық көтермелеудің өзге де түрлеріне ұсыну туралы мәселелерді қарайды.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кеңсе		Е 313-2026
Ректорат туралы Ереже		5-ші басылым 10 беттің 7 беті

5. ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ректорат сызбасы



5.1. Ректораттың қызметін "ОҚМА" АҚ ректоры ұйымдастырады.

5.1. Ректорат "ОҚМА" АҚ Ректорының бұйрығымен құрылады және таратылады.

5.2. Ректоратқа мүшелік тұлға белгіленген тәртіппен "ОҚМА" АҚ ректоры немесе проректоры лауазымына кіріскен кезден бастап қабылданады.

5.3. Ректоратқа мүшелік адам белгіленген тәртіппен "ОҚМА" АҚ ректоры немесе проректоры қызметінен босатылған кезден бастап тоқтатылады.

5.4. Ректордың жыл сайынғы бұйрығы негізінде оның құрамына кіретін ректораттың басқа мүшелері "ОҚМА" АҚ-дан босатылуына байланысты немесе "ОҚМА" АҚ ректорының бұйрығы негізінде автоматты түрде шығарылады.

5.5. Ректорат мүшелері арасында функционалдық міндеттерді бөлу "ОҚМА" АҚ ректорының бұйрықтары негізінде жүзеге асырылады. Ректорат мүшелерінің функционалдық міндеттерінің құрамы олардың қарамағындағы (жетекшілік ететін) "ОҚМА" АҚ бөлімшелері орындайтын функцияларды ескере отырып айқындалады.

5.6. Ректораттың құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына ашық дауыс беру арқылы жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

6. РЕКТОРАТ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6.1 Ректорат жұмысты жоспарға сәйкес жүзеге асырады, оны әр оқу жылына ректор жасайды және бекітеді.

6.2 Ректорат отырыстарын "ОҚМА" АҚ ректоры, ал ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы тұлға өткізеді.

6.3. Ректорат отырыстары айына 2 рет өткізіледі.

6.4. Отырысқа ректорат мүшелерінің қатысуы міндетті болып табылады. Отырысқа қатысу мүмкін болмаған жағдайда ректорат мүшесі алдын ала

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кеңсе		Е 313-2026
Ректорат туралы Ереже		5-ші басылым 10 беттің 8 беті

ректорат хатшысын хабардар етуге, сондай-ақ оны алмастыратын қызметкердің кандидатурасы туралы ақпарат беруге міндетті.

6.5. Ректораттың шешімдері қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады, және, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, өкілетті деп есептеледі.

6.6. Қаралатын мәселелердің тізбесі ректораттың жылдық жұмыс жоспарына, ректордың өкімдеріне, ректорат мүшелерінің ұсыныстарына, ректораттың алдыңғы шешімдеріне сүйене отырып, ректорат хатшысы дайындайтын күн тәртібінде бекітіледі.

6.7. Жекелеген мәселелерді зерделеу және дайындау үшін ректорат сарапшыларды тарту және тиісті комиссиялар құру туралы шешім қабылдауға құқылы. Комиссиялар ректордың бұйрығымен құрылады.

6.8. Алдын ала зерделеуді, шешім жобаларын дайындауды, жан-жақты талқылауды талап ететін "ОҚМА" АҚ қызметінің мәселелері ректорат отырыстарында "ОҚМА" АҚ басшыларын, өзге де құрылымдық бөлімшелерін шақыра отырып қаралады.

6.9. Ректораттың шешімдері хаттамамен ресімделеді, ректор бекіткеннен кейін күшіне енеді және орындау үшін міндетті болып табылады. Хаттамаларға "ОҚМА" АҚ ректоры мен ректоратының хатшысы қол қояды.

6.10. Ректор ректорат шешімдерінің орындалуын жүйелі тексеруді ұйымдастырады. Жетекшілік ететін проректор тиісті бағыт бойынша ректорат мүшелерін Ректораттың қабылданған шешімдерінің орындалуы туралы хабардар етеді.

7. РЕКТОРАТ ЖҰМЫСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Ректорат жұмысының міндеттері келесідей:

Даму стратегиясын жүзеге асыру, "ОҚМА" АҚ стратегиялық даму жоспарының орындалуын бақылау және үйлестіру.

Оқу процесінің сапасын, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау.

Ішкі тәртіпті қадағалау, "ОҚМА" АҚ Жарғысының, ішкі тәртіп ережелерінің және академияның адалдық кодекстің сақталуын қамтамасыз ету.

Ұйымдастырушылық және үйлестіру жұмыстары жүргізу.

Құрылымдық бөлімшелерді басқару, факультеттер, кафедралар мен "ОҚМА" АҚ басқа да бөлімшелердің жұмысын үйлестіру және олардың есептерін тыңдау.

Мәжілістер өткізу, ОҚМА" АҚ өміріндегі маңызды мәселелерді талқылау үшін ректорат мәжілістерін жүйелі түрде ұйымдастыру.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кеңсе		Е 313-2026
Ректорат туралы Ереже		5-ші басылым 10 беттің 9 беті

Кадр саясаты бойынша штаттық кестені бекіту, мамандарды іріктеу және профессор-оқытушылар құрамын ынталандыру мәселелерін қарастыру.

Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Бюджетті жоспарлау, ОҚМА" АҚ бюджетінің кіріс-шығыс бөлігін жоспарлау және оның мақсатты жұмсалуды бақылау.

Материалдық базаны дамыту бойынша оқу ғимараттарын, жатақханаларды және техникалық жабдықтарды жақсарту бойынша шешімдер қабылдау.

Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бойынша білім алушылардың мүддесін қорғау, білім алушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, жастар саясатын жүзеге асыру және тәрбие жұмыстарын бақылау.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту және серіктес ұйымдармен ішкі және сыртқы байланыстар байланыс орнату.

«ОҚМА» АҚ-ның кез келген ректорат мүшесі (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

Ректорат мүшесі жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

8. БАСҚА БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

7.1. Ректорат «ОҚМА» АҚ барлық бөлімдерінің жұмысын үйлестіруге ықпал етеді.

7.2. Ректорат жоғары білім беруді жетілдіру және сапасын арттыру мәселелері бойынша ішкі ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кеңсе Ректорат туралы Ереже		Е 313-2026 5-ші басылым 10 беттің 10 беті

Өзірлеген:

Лауазымы	Аты-жөні
Кеңсе меңгерушісі	Г. Ж.Спатаева

Тексерген:

Лауазымы	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.А.Ержанов
Әкімшілік және құқықты қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілген:

Лауазымы	Аты-жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М.У.
Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Нурмашев Б.К.
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Аукенов Н.Е.
Тәрбие және әлеуметтік мәселелер бойынша проректор	Сәлім Е.Қ.
Комплаенс-офицер	Пернебаев Н.А.

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Спатаева Гульнара Жангубековна	Разработано	06.05.2026, 14:39:40	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	06.05.2026, 12:14:57	Без замечаний	
Анартаева Мария Уласбековна	Согласовано	06.05.2026, 16:48:18	Без замечаний	
Нурмашев Бекайдар Калдыбаевич	Согласовано	11.05.2026, 19:29:41	Без замечаний	
Аукенов Нурлан Ерденевич	Согласовано	08.05.2026, 11:03:04	Без замечаний	
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	08.05.2026, 11:36:44	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	06.05.2026, 11:07:43	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	28.05.2026, 17:17:50	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	29.05.2026, 15:44:37	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	29.05.2026, 15:44:40	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

